Нұрмағанбет – Дініслам, Ғабитислам, Болат, Мәрия, Қәкіма.

Бақи – Қайыржан (Руслан), Кәрім, Болат, Ғалым.

Қозыбағар – Жакып (Ахмет, Зікірия), Райымбек (Мұсанбай, Хасен).

Ахмет – Төлеутай (Азамат), Қабдуәли.

Мұсанбай – Рафайыл (Махаббат), Нариман.

Махаббат – Асылан.

Қабдолланың лақап аты: Қабыкен (т).

Дерек. Тұрымбайұлы Есжан – әулие болған.

Бозбай – (т).

Ырғалы – (т).

Өтебек – Сәрсен (Садуақас, Жүсіп, Құсайын, Смағұл), Сүлеймен (Мұқан, Мұхамедсадық), Сыздық (Ерназар, Жаукен, Ержан).

Садуақас – Рамазан (Құсайын, Тілеу, Ерғали, Ағынтай, Қажымұрат, Ермұрат, Жанболат, Бекболат), Мағзұм.

Құсайын – Ербол, Қайрат, Азамат.

Ерғали – Мейрам, Айдос.

Ағынтай – Тасболат.

Қажымұрат – Сұлтанмахмұт. Ермұрат – Рустем.

Жанболат – Әмірхан.

Мұқан – Мүбәрак (Сейітахмет).

Сейітахмет – Ербол, Марат.

Ержан – Ерғали (Айтқазы, Мұса).

Теке – ұрпақтары Түрікменстанда болуы мүмкін.

Қожаберген – Тілеубай (Тілеуке).

Тілеуке – Алдияр (Жәкіш, Сейіт).

Жәкіш – Жәкуаш (Тұрсын, Серік), Мұхтар.

Тұрсын – Марат.

Серік – Бейбіт, Рахат.

Сейіт – Рақым (Ғазиз).

Ғазиз – Ибрагим (Болат), Адам, Дәурен.

Болат – Қуаныш, Назар, Баграм (Жігер, Жауын, Жұбаныш).

Мырзакелді – Нұрбай (Ажы би), Төрегелді (Молдабек, Қайырбек, Әшірбек, Шәріпбек, Райымбек, Батыр, Жұмаш), Төребай.

Ажы би – Таңқара.

Қайырбек – Айтбай, Айшықбай.

Райымбек – Қасқырбай.

Қайырбек – Айтбай, Айшықай.

Райымбек – Қасқырбай.

Дәуім (шын есімі Дәулетімбек) – Арда, Құлтай, Әтіш, Жобағы (Қуандық, Тәттімбай, Жетпіс).

Әтіш – Жанбол (Жылкелді, Боранбай, Бейсенбай).

Жылкелді – Ысқақ, Смағұл (Мұхамеджан).

Мұхамеджан – Абылайхан (Әмір, Темір), Әділхан (Азамат, Ислам).

Қуандық – Әлжан, Әлжанар, Әбілғазы, Алтай, Серғазы.

Тәттімбай – Асайын.

Жетпіс – Оразалы (Назымбек, Райымбек).

Мынжасар – Қожакелді (Сексенбай).

Сексенбай – Есен (Сағындық), Тұрмыс (Жұматай).

Сағындық – Сәулебай (Олжабай).

Олжабай – Дәурен.

Жұматай – Қабылбек (Ертіс, Ерболат, Тасболат, Нұрболат).

Ерболат – Әбілқайыр, Арыстанбай, Кәкім.

Тасболат – Еділ, Азамат.

Келімбет – Алшағыр, Тыртықай (Нұрпейіс, Төлеш, Жүніс, Әбдірахман), Алпысбай.

Жүніс – Қасен (Төлеген, Сансызбай, Қанат), Сүйіндік (Жанат, Қанағат), Мұрат, Серік (Ерғанат).

Алпысбай – Нұрмағанбет, Шәмши (Темкен, Ұзақбай).

Төлеген – Тимур.

Сансызбай – Төлеш, Сұлтан.

Қанат – Аманкелді.

Жанат – Ермек.

P.S. Келімбет атаның біраз ұрпақтары 1729 жылы қаржастар Сәти батырдың басшылығымен Қаратау өңірінен Сарыарқаға қоныс аударғанда Жиделібайсынға кетіпті.

Бегімбет – Ақпанбет (т), Махамбет (Смағұл, Смайыл), Көйлек (Шайжан), Әлиакпар (т).

Смағұл – Нәскен (т), Аманжол (Есей), Таңбай (Ерсін, Ерлан), Ырысбай (Мұрат).

Ерсін – Ернар.

Смайыл – (т).

Шайжан – Ораз.

Артық – Құлмағанбет (Бүркіт, Серік). Қалған ұрпақтары беймәлім.

Ендігі бір сөз. 1729 жылы Сәти батыр бастаған қаржастар Қаратау өңірінен Сарыарқаға көшіп келе жатқанда жолшыбай оларға басқа бір рудың Тоқаш деген адамның көші қосылады. Содан қаржастар Баянаула өңіріне келіп қоныс тепкенде Тоқаштың отбасы Алтынторы ұрпақтарымен қоныстас болып орнығады. Кейін Тоқаштың ұрпақтары өздерін «алтынторымыз» деп айтатұғын болған.

Енді осы Тоқаштың Алтынторы ұрпақтарымен бірге өсіп орбіген ұрпақтарын таратып көрелік.

Тоқаш – Байнияз (Кәметай), Шақшан (Жандай, Ақтай, Қасен), Балқұтты (Жүніс, Әлдебек, Шамшиден, Хамит).

Кәметай – Құл (Ақтан), Қайып (Арықтай), Қаратай (Саят, Серік).

Ақтан – Боркен, Қырбас, Қайсар.

Арықтай – Мәлік.

Жандай – Нұрбай, Майтан.

Ақтай – Нұрбек.

Қасен – Дүйсенбай (Болат), Смағұл (Ермек, Сайран, Жәніс).

Шамшиден – Райхан.

Хамит – Үкібас, Рақымжан.

Енді осы дерек бойынша мына бір жайды айта кетсек. Қаржас аксақалдарының айтуынша Тоқаш деген адам Кіші жүздегі Жетіру тайпасы құрамындағы Телеу руының ұрпағына жатады. Сонда Қазақ ССР Ғылым академиясының академигі, геология-минералогия ғылымдарының докторы Қайыпов Арықтай (1914—1993 жж.) Тоқаштың ұрпағы болуы ықтимал.

Жоғарыдағы дерек бойынша Тоқаштың ұрпақтары Арықтайға байланысты былайша өрбіген: Тоқаш – Байнияз – Кәметай – Қайып – Арықтай – Мәлік.

Үш ұрпақ 100 жылды қамтиды деген заңдылықпен есептегенде Тоқаш пен Арықтайдың арасында дүниеге келген ұрпақтардың саны төмендегідей боп шығады:

$$X=(1914-1700) \times 3 : 100 = 6,4$$

Мұндағы: 1914 – академик Арықтайдың туған жылы;

1700 – шамамен Тоқаштың туған жылы;

3 – 100 жылдағы ұрпақтар саны.

Сонымен шамамен 200 жылдың арасында (1914—1700) алты ұрпақ (Тоқаш, Байнияз, Кәметай, Қайып, Арықтай, Мәлік) дүниеге келген деуге болады. Сосын Мәлік 1914 жылы туған баласына өз әкесінің есімімен Арықтай деп

атаған. Ал академик Қайыпов Арықтай 1956 жылы туған баласына да Мәлік деп ат қойған. Мәлік Арықтайұлы 1979 жылы Мәскеудің физико-техникалық институтын бітіріп, техника ғылымдарының докторы, ҚР-ның Ұлттық ғылым академиясының корреспондент – мүшесі болды. Ол қазір АҚШ-та тұрады.

Егер біздің жорамалымыз дұрыс болса, онда академик Қайыпов Арықтай Қаржас руының Алтынторы тармағына кірме болады. Ол 1914 жылы қазіргі Қарағанды облысындағы Бұқар жырау ауданына қарасты Қазақ ССР-ның еңбек сіңірген ғылым қайраткері Қылыш Бабаев атындағы ауылда дүниеге келген. Бұл өңір ертеден Алтынторы ұрпақтарының тұрған жері болып саналады.

P.S. Осы кітапты 2008 жылғы сәуір айының 10 тәулігінде жазып болғанымда Екібастұз қаласында кездейсоқ жағдайда 1986 жылы туған Аманжол деген жігітке жолығып, үйреншікті әдетпен одан қай рудың азаматы екенін сұрағанымда, ол: «руым Қаржас – Алтынторы», – деп жауап берді. Содан соң, мен одан әкесінен бастап ары қарай аталарын сұрағанымда, өкінішке орай, ол төртінші атасына дейін ғана білетін болып шықты. Жігіттің марқұм болған әкесі Бекежан Қарағанды облысының Осакаровка ауданында туып-өсіпті. Расында, бұл ауданда қазіргі таңда Мәмбетәліден тарайтын Кедейбайдың немересі Алақай атаның ұрпақтары тұрады.

Енді, осы жігіттің белгілі болған аталары: Алтынторы... Лұқпан, одан Сүйекбай, одан Нақышман, одан Бекежан, одан Мансұр мен Аманжол. Нақышманның ұлдары: Берік, Серік (Бауыржан), Бекежан, Бауыржан, Ержан.

Қолда бар «ататек» тізімінде Алтынторы ұрпақтарының ішінде «Лұқпан» деген кісі жоқ. Тегі, бұл ата XX ғасырдағы Қаржастың «шежіре шалдарының» қағаздарына түспей қалған сыңайлы. Міне, осындай жетіспестіктердің де бар екенін айту лазым.

5-кесте

Ақкелін және Баянауыл болыстықтарының
1897 жылғы статистикалық мәліметтері [71, 94—108]


Әкімшілік ауылдардың нөмірі	Шаруа- шылық ауылдар- дың саны	Осы ауылдарда тұратын қаржастардың аталары	Ауыл- дағы үй (түтін) саны	Ауылда тұратын адамдар саны
Ақкелін болыстығы				
№ 1 әкімшілік ауыл	39	Анай, Айдабол, Бабас, Бегендік	256	1617
№ 2 әкімшілік ауыл	26	Анай, Талас	205	1182
№ 3 әкімшілік ауыл	20	Анай, Сатылған	115	668
№ 4 әкімшілік ауыл	32	Жәдігер	174	1138
№ 5 әкімшілік ауыл	20	Өтен, Баян, Ақмырза, Анай	150	911
№ 6 әкімшілік ауыл	43	Бабас	282	1588
№ 7 әкімшілік ауыл	25	Анай, Алтынторы	185	1128
№ 8 әкімшілік ауыл	31	Жолымбет, Анай, Алтынторы	195	1172
№ 9 әкімшілік ауыл	25	Қозыбак, Есназар	150	840
Барлығы	261		1712	10244

№ 1 әкімшілік ауыл	15	Ақша	122	785
№ 2 әкімшілік ауыл	34	Ақша, Жиенәлі, Байболат	219	1310

№ 3 әкімшілік ауыл	30	Таңат, Дөрбеуіл, Қожамберді	155	1017
№ 4 әкімшілік ауыл	31	Анай, Жанмырза	185	1057
№ 5 әкімшілік ауыл	31	Анай, Жаулыбай	126	815
№ 6 әкімшілік ауыл	16	Жансары (Сатылған)	108	608
№ 7 әкімшілік ауыл	22	Мәмбет (Сатылған), Қожамберді	139	801
№ 8 әкімшілік ауыл	12	Өтеу (Сатылған)	85	465
Барлығы	186		1139	6858



3-сурет. Қаржастың шөпшегіне дейінгі генеологиялық түзілісі



VI. ҚОСЫМША ДЕРЕКТЕМЕ

1913 жылы Санкт – Петербург қаласында «Материалы по обследованию хозяйства и землепользования киргиз Семи-палатинской области. Том I. Павлодарский уезд. Выпуск I-й. Повторное обследование 1910 г.» деген кітап шығады. Осы кітаптан 1985 жылы Москвада болғанымда Баянаула округі құрамындағы негізінде қаржастар тұрған Ақкелін, Алексеев және Баянауыл болыстарына қатысты төмендегі деректерді КСРО-ның В.И. Ленин атындағы кітапханада жазып алған едім[114, 2 -2-21; 125.]

5-кесте

I. Ақкелін болысы № 1 әкімшілік ауыл

Рет саны	Аксақалдардың ата-жөні	Қоныс атауы	Ата тегі	Тұрғын үй саны
1	Тиыштыбай Бәйгібай	Қызылағаш	Ақмырза	3
2	Әбікей Сәтбаев	Айырық	Жәдігер	9
3	Имантай Итбасар	Шадыра	Құл	4
4	Оразбек Күнікей	Ақтөбе	//	4
5	Шаһзында Шорманов	Сарыкамьс	Анай	3
6	Жармұхамед Шорманов	Қаратұмсық	//	3
7	Жанар Атағай	Шоктас	Құл	6
8	Қапкей Бейсен	Кішіқызыладыр	//	2
9	Жанұзақ Бөжен	Үлкенқызыладыр	//	10
10	Сұлтанбай Қапек	Ұзынжол	//	4
11	Ыскак Қодық	Қаратас	//	9

12	Оспан Жүзіп	Алабас	//	6
13	Қозбағаз Жәнібек	Қайыңшат	//	8
14	Қоңырбай Нокшабай	Қожа	Құл	3
15	Шаймұхамед Шаймерден	Бүркіт	Анай	3
16	Қайыр Жақып	Қарабет	Алтынторы	5
17	Інқарбек Байтемір	Қозышак	//	5
18	Ысқақ Қошербай	Сарыжол	//	5
19	Елеусіз Ахмет	Керегетас	//	6
20	Оразбек Қожатай	Тасшоқы	//	3
21	Күрке Бөжекей	Үштас	//	7
22	Ахмет – Кәбір Шорманов	Көшекбай	Анай	1
23	Жанмұхамед Шорманов	Ақпансор	//	1
24	Жәми Шорманов	Көшекбай	//	1
			Барлығы	112

Осы әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: еркектер саны 459, әйелдер – 404; жылқылар 5047 бас, ірі қара малдар – 1730, қойлар – 8783, ешкілер – 750, түйелер – 105.

Осы ауылдағы ең көп жылқысы бар адамдар: Жәми Шорманов – 1086, Шаһзында Шорманов – 1013, Ахмет – Кәбір Шорманов – 900, Әбікей Сәтбаев – 474.

№ 2 әкімшілік ауыл

Бұл ауылда Талас ұрпақтары тұрған. Мұндағы шаруашылық ауылдардың саны 17, тұрғын үйлердің саны 97.

№ 2 әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 371, әйелдер – 308; жылқылар 1674 бас, ірі қара малдар – 1521, қойлар – 3644, ешкілер – 291, түйелер – 115.

№ 3 әкімшілік ауыл

Бұл ауылда Анай мен Сатылған ұрпақтары тұрған. Мұндағы шаруашылық ауылдардың саны 16, тұрғын үйлердің саны 124.

№ 3 әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 418, әйелдер – 380; жылқылар 3785 бас, ірі қара малдар – 1724, қойлар 6229, ешкілер – 932, түйелер – 58.

№ 4 әкімшілік ауыл

Бұл ауылда Жәдігер ұрпақтары тұрған. Мұндағы шаруашылық ауылдардың саны 16, тұрғын үйлердің саны 92.

№ 4 әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 372, әйелдер – 331; жылқылар 1612 бас, ірі қара малдар – 1491, қойлар 5670, ешкілер – 756, түйелер – 115.

№ 5 әкімшілік ауыл

Бұл ауылда Өтен, Баян, Мырзақұл ұрпақтары тұрған. Мұндағы шаруашылық ауылдардың саны 17, тұрғын үйлердің саны 78.

№ 5 әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 316, әйелдер – 268; жылқылар 1667 бас, ірі қара малдар – 1230, қойлар 3745, ешкілер – 449, түйелер – 80.

№ 6 әкімшілік ауыл

Бұл ауылда Бабас ұрпақтары тұрған. Мұндағы шаруашылық ауылдардың саны 33, тұрғын үйлердің саны 210.

№ 6 әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 689, әйелдер – 551; жылқылар 2161 бас, ірі қара малдар – 2422, қойлар 6048, ешкілер – 1098, түйелер – 108.

№ 7 әкімшілік ауыл

Бұл ауылда Алтынторының Тасболат пен Жолымбет ұрпақтары тұрған. Мұндағы шаруашылық ауылдардың саны 30, тұрғын үйлердің саны 217.

№ 7 әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 697, әйелдер – 557; жылқылар 1029 бас, ірі қара малдар – 2370, қойлар 4433, ешкілер -1064, түйелер – 42.

№ 8 әкімшілік ауыл

Бұл ауылда Бабас, Анай, Алтынторы ұрпақтары тұрған. Мұндағы шаруашылық ауылдардың саны 15, тұрғын үйлердің саны 59.

№ 8 әкімшілік ауылдың статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 237, әйелдер – 192; жылқылар 907 бас, ірі қара малдар – 945, қойлар 2364, ешкілер – 172, түйелер – 28.

II. Алексеев болысы

Бұл болыстағы әкімшілік ауылдардың саны 8. Мұндағы ауылдарда Құл, Талас, Сатылған, Жәдігер, Акмырза, Алтынторы Бабас ұрпақтары тұрған. Мұндағы тұрғын үйлердің саны 752.

Алексеев болысының статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 2754, оның ішінде 60 жастан асқандар – 145, әйелдер – 2231; оның ішінде 55 жастан асқандар – 209; жылқылар 8913 бас, ірі қара малдар – 9800, қойлар 28762, ешкілер – 3520, түйелер – 422.

III. Баянауыл болысы

Бұл болыстағы әкімшілік ауылдардың саны 9. Мұндағы ауылдарда Ақша, Байболат, Анай, Сатылған, Жаулыбай

ұрпақтары тұрған. 9 әкімшілік ауылдардағы тұрғын үйлердің саны 1094.

Баянаула болысының статистикалық мәліметтері: Еркектер саны 3576, оның ішінде 60 жастан асқандар – 195, әйелдер – 3062; оның ішінде 55 жастан асқандар – 264; жылқылар 9988 бас, ірі қара малдар – 9860, қойлар 30990, ешкілер – 3561, түйелер – 665.

Енді қосымша деректерге байланысты түсіндірмелер:

1. Баянаула округінің құрамында бірнеше болыстар болған.

2. Әр болыстың құрамында 8—12 әкімшілік ауыл болған.

3. Әр әкімшілік ауылдың құрамында оның аумағында топонимикалық атауы бар нақтылы бір жерді қоныс қылған адамдардың салған тұрғын үйлерінен құралған бірнеше кішігірім ауылдар болған. Бұл ауылдар орысша ұғыммен «шаруашылық ауылы» деп аталған. Мысалы, жоғарыда көрсетілген 5-ші кестеде № 1 әкімшілік ауылдың құрамында 24 кішігірім шаруашылық ауылы бар.

4. Болысты лауазымы «Болыстық старшын» деп аталған адам басқарған.

5. Әр әкімшілік ауылды «Болыс» деп аталған лауазымы бар адам басқарған.

6. Шаруашылық ауылын осында тұратын ең жасы үлкен ақсақал басқарған.

Сонымен 1910 жылы патша үкіметі тарапынан жүргізілген санақ бойынша қаржастар тұрған үш болыста «Ақкелін, Алексеев, Баянауыл) 2835 үйде 17693 ересек адам тұрған немесе әр үйде орташа есеппен 6 жан болған. Десек те, бұл санақтың шындығына келсек, балалар есепке алынбаған сыңайлы. Тағы бір тоқтала кетер жайт, есепке алынған 17693 кісінің ішінде әйелдердің саны 7904 (яғни 44,7 %) екенін айтсақ, неліктен олардың саны еркектерден едәуір (10,6 %) аз болған деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа былайша жа-

уап беруге болады. Құран Кәрімде: «Ей, адамзат! Сендерді біз әуелде бір еркек бір әйелден... жаратып, өрбіттік» деп жазылуына сәйкес әдетте қоғамдағы әлеуметтік-тұрмыстық жағдайлардың жақсы кезінде әр отбасында дүниеге келген ер балалар мен қыз балалардың жалпы саны бірдей болмаса да тепе-теңдікке жуық болатыны ақиқат. Алайда XX ғасырдың басындағы көшпелі жағдайдағы қазақ әйелдерінің әлеуметтік-тұрмыстарының тым нашар болуына байланысты екіқабат әйелдердің біразы босану кезінде көз жұматынды. Сондықтан да жүкті әйел турасында қазақтар «оның бір аяғы жерде, ал бір аяғы көрде» деп тегін айтпаған ғой.

1910 жылғы санақ бойынша Баянауыл округіндегі үш болыста тұрған қаржастардың иелігіндегі малдардың саны: жылқылар 25783, ірі қара малдар 33093, қойлар 100868, ешкілер 12593, түйелер 1738 бас болған.

P.S. 2016 ж. Баянауыл ауданында жылқының саны 28185 бас болды.

Енді астын сызып тұрып айтарымыз, сол кездегі Баянауыл округіндегі Акбеттау, Қызылтау, Шақшан болыстарында тұратын 25 мыңдай басқа аталардың ұрпақтары ішінде 3 % қаржастар (яғни 750 адам) болуы мүмкін десек, сондай-ақ 1910 жылғы санаққа ілінген 17693 қаржастардың 5 % кем қателігі (яғни 894 адам) болуын есепке алсақ және қаржастар тұрған үш болыстағы 2835 үйдің әрқайсысында екі бала болған деп жорамал жасасақ, сонда XX ғасырдың басында көздері тірі қаржастардың жалпы саны шамамен 25 мыңнан (17693+750+894+5670) асқан деп қорытынды жасауға болады.

VII. ҚАРЖАСТЫҢ АТАҚТЫ ЖӘНЕ ЗЕРДЕЛІ ҰРПАҚТАРЫ

Бұқар жырау Қалқаманұлы

Бұқар жырау – Алтын-торы (Жолымбет) ұрпағы, Өзбекстандағы Бұқара қаласы маңындағы Елібай атты мекенде 1685 жылы өмірге келіп, 1787 жылы Баянаула өңіріндегі Далба тауының солтүстік сілемінде қайтыс болады.

Бұқар жырау – қазақ халқының тарихында мәңгі өшпес із қалдырған, халқымыздың бірлігі мен елдігін сақтап қалу жолында Абылай секілді аса дарынды ханның бас кеңесшісі санатында ерен еңбек сіңірген қоғам қайраткері, терең философиялық, парасатқа толы толғаулардың ақпа алыбы, айыр көмей, жез таңдай сәуегейі, өз заманында-ақ халқының ортасында «Көмекей әулие» атанған жырау. Атап айтқанда, ол – төл тарихымызда, Шоқан Уәлиханов жазғандай, «қазақтардың ерлік қылған дәуірінде» (1723—1780 жж.) ұлттық бірлікке жұмылдырудың аркасында жоңғар қалмақтарының тегеуірінді шабуылын тоқтатып, оларды жерімізден аластатуға, Қытай экспансиясына қарсы тұра білуге, Ресеймен ара-қатынасты жақсартуға, оңтүстіктегі көршілеріміз – қырғыздар мен қоқандықтардың да қыбын табуға дипломатиялық нақты үлес қосқан көреген мәмлегер.



1992 жылдан Павлодар қаласында Бұқар жырау атындағы облыстық әдебиет және өнер мұражайы жұмыс істейді.

1993 жылы Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданындағы Қызылтас мекеніне жақын Шынқожа зиратында жырау бабамыздың бейітіне граниттен күмбезінің биіктігі 24 м, диаметрі 7 м, ені 7х7 м сәнді де сәулетті кесене орнатылды, ал 2008 жылы Қарағанды қаласының орталығында оған ескерткіш қойылды. Алматы, Қарағанды, Екібастұз қалаларында Бұқар жырау атына берілген көшелер бар.

Шорман би



Шорман (шын есімі – Жұмабай) Күшікұлы (1788—1837 жж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, төбе би атанған тұғырлы тұлға. Жұмабай 14 жасында Уәли ханның дуалы ауызымен «Бала би» атанған. 1836—1837 жж. Баянауыл сыртықы округінің аға сұлтаны болды. Шорман ақылды, қара қылды қыпшақ жарғандай әділ, сөзге ұста адам болған. Ол – сөздері ел аузында сақталған қазақтың белгілі шешендерінің бірі.

Шорман бидің Ақтайлақ биге айтқаны:

«Су анасы – бұлақ,

Сөз анасы – құлақ.

Жан кеудеге қонақ,

Сол жанымды асырап жүрген

Жалғыз достым – тамақ» [64, 186].

Шорман бидің тағы бір аталы сөзі: «Хан азарында қарашымен қас болар, бай азарында дәулетіне мас болар, молда азарында қайыр-зекеті жоқ баймен дос болар».

Шорман би мен оның әйелі Топаннан туған балалар: Зейнеп (1816 ж.), Мұса (1818 ж.), Мұстафа (1820 ж.), Зейпін (1822 ж.), Иса (1824 ж.), Әужан (1826 ж.).

Шорман бидің бейіті Ерейментау қаласының оңтүстігінде 20 шақырым жердегі кішкентай Қумал өзеншіктің оң жағасына орналасқан бұрынғы Қазақстанның 20 жылдығы атындағы совхоздың ортасындағы зиратта. Мұнда оның қасында Едіге би мен Олжабай батыр бейіттері бар [62, 170].

Осы қорымның алдына 2009 жылдың 27 шілдесінде Мұса Шормановтың немересі Нұрмұхамедтің қызы Кәмештен туған Софья Байниязова Шорман биге Баянауланың гранит тасынан ескерткіш орнатты.

Үкібай би

Үкібай Найзабекұлы (1795—1859 жж.) – Сатылған (Танат) ұрпағы.

Үкібай бала кезінде Күшік мырзаның (Шорман бидің әкесі) шаруашылығына қолқабыс тигізіп жүреді екен. Бірде Күшік үйіне қонақ келіп, соларға сырттан қымыз әкеле жатқан Үкібай табалдырықта сүрініп, төгіп алған екен. Сонда қонақ: «Ей, Күшік, мына баланың дені сау ма?», десе керек. Сонда дастархан басында отырғандарға Үкібай былай депті:

«Үйінің жабығы ашық жатпаса,
Қазаны тарсылдап тасып жатпаса,
Қымыз төгіліп, табалдырықтан асып жатпаса,
Ол Күшік мырзаның үйі болмағанда,
Кімнің үйі болады».

Үкібай сөзге тапқыр, әрі шешен, алдында кім тұрса да бетін бар, жүзін бар демей ойын айтып салудан тартынбайтын от ауызды, орақ тілді адам болған. Сол себепті де Шоң би оны бар болса жанынан аластатпай, жоқ болса іздеп отырады екен.

Үкібай бидің зейін-зерде қабілеті жөнінде ел аузында мынадай әңгіме қалған.

Баянаула округінің аға сұлтаны Мұса Шормановтың үйіне Омск қаласынан келген бір орыс: – Муса Чорманович, менің қоятын екі сұрағыма жауап бере алатын адам ауылыңда бар ма? Сұрақтарды тек сол адамға қоямын, – дейді. Сонда Мұса: – Бізде ондай адам бар! – деп, Үкібай биге кісі жіберіп, – мынау келіп жатқан орыс осылай дейді, бұған не дер екен біліп кел, – дейді. Сонда би: – Құдай бергенін алмаса, иншалла, орыстың сұрағына жауап беруге дайынмын, – депті. Мұны естіген Мұса мырза қасына орысты ертіп, Үкібай бидің ауылына келеді. Сондағы орыстың қойған сұрақтары:

Құдай бар ма, әлде жоқ па? Ал, ол бар болса, көкте ме, әлде жерде ме?

Қазақтар Құдай қаһар қылса, жер жаһанды бір тарынын қауызына сыйғызады дейді. Осыған илануға бола ма?

Сосын Үкібай би аз ойланып, әйеліне бір шара сүт әкел дейді. Сүтті әкелген соң, Үкібай би орыстан: – Мына сүтте май бар ма? – деп сұрайды. Орыс оған «бар» деп жауап береді. Сонда би: – Май бар болса, сол май осы сүттің бетінде ме, ортасында ма, болмаса астында ма? – деп, орысқа сұрақ қояды. Сонда орыс: – Біле алмаймын, деп жауап береді. Үкібай би: – Ендеше, бірінші сұрағыңыздың жауабы осы. Құдайдың бары анық, ал оның тұрағы осы сүттегі май сияқты бізге беймәлім, – дейді.

Екінші сұраққа келгенде, Үкібай би орыстың ауылдың жанындағы төбенің басына ертіп шығып, оған: – Сен бір көзінді қолыңмен басып, екінші көзіңмен мына Мұса мырзаның ауылына қарай қара, – дейді. Орыс: – Айтқаныңызды

істедім, – дейді. Сонда би орыстан: – Бір көзбен көріп тұрған жерге қанша жылқыны қамауға болады?, – дегенде, ол көзін ашып жіберіп: – Бұл жерге мыңдаған жылқыны сыйғызуға болады, – дейді. Сонда Үкібай би: – Өзіңіз айтқандай, мыңдаған жылқы бір көздегі тарыдай ғана қарашығыңызға сыйды емес пе?

Міне, Құдай қаһар қылса, жер жаһанды бір тарының қауызына сыйғызады деген осы, – дейді. Сонда амалы құрыған орыс: – Әй, Муса Чорманович, осындай да ақылды қазақ болады екен ғой! Егер бұл қазақ орысша оқып, білім алған болса, кім болар еді? – деп, Үкібай биге ризашылығын білдіріп, «Спасибо, киргиз», – деп, оның қолын ұстайды.

Үкібай би 1833 жылдың 22 тамызында Баянауыл сыртқы округінің ашылуына байланысты Баянауыл станицасында өткізілген салтанатты үлкен думанды тойға қатысады [54, 44]. Сонан сол ол Баянауыл округіне қарайтын 14 болыстың бірі – 511 түтін, 739 еркек, 575 әйелі бар Сатылған-Алтынторы болыстығының болысы болып сайланады [55, 13].

Үкібай биге Көкдомбақта Баянауыл станицасындағы казак-орыстар үкімет қаржысымен төрт бөлмелі ағаш үй салып береді.

Үкібай би жөнінде Мәшһүр-Жүсіп Көпеев:

«Өтеуден шыққан кеше би Үкібай,

Кім бар қалған қазақтан енді сондай?!

Қазақ аты өшкенше аты сөнбей,

Артылтқан алапаттан патша Құдай», – деп жазады [67, 232].

Үкібай бидің бейіті Баянауыл ауданындағы Құндыкөл (бұрынғы «Алексеевка» совхозының орталығы) ауылының солтүстігінде 10 шақырым жерде. Бейітке белгі қойылған.

Үкібай би бас қосқан жиындарда жұртқа тақпақтап өсиет айтады екен. XIX ғасырдың 60-шы жылдары бір саналы азамат Омск қаласының мұрағатынан Үкібай бидің 58 жол

өсиеттерін көшіріп алып, қазіргі Баянауыл ауданының қадірлі қариясы Өкпин Кәрімтайға сыйлайды. Оны Кәрімтай ағай «Сарыарқа самалы» газеті бетінде жариялаған-ды. Енді сол өсиеттен үзінді келтірелік:

«Ағайын болсаң, тату бол,
 Әуес болма аразға.
 Дәулетті болсаң, көзің сал,
 Жетім-жесір, малы азға.
 Досыңа жалған сөйлесең,
 Өзінді-өзің ұрғаның.
 Түрлі ғылым, өнерге
 Жастай ғадет қылмасаң,
 Байтеректей майыспай,
 Қақайып қатып қалғаның.
 Шақырып құрмет қылмаса,
 Қыдырма әрбір есікке.
 Өз көзіңмен көрмесең,
 Ақиқат деп иланба
 Сыртынан айтқан өсекке.
 Баланың асыл туғаны –
 Ата-анасын сыйлаған.
 Ақылдан кедей болғаны –
 Жастағы шөлкек мінезін
 Қартайғанша қимаған».

Үкібай би туралы тағы мынадай бір әңгіме бар. 1852 жылдың қазан айында Қарқаралы мешітінің ашылу рәсімі болады. Оған жер-жерден игі жақсылар шақырылады. Шон мен Шорман бұл уақытта бақиға сапар шегіп кеткеннен кейін жалпы Баянаула қазақтары атынан Үкібай би қатысады. Жиналған жұрттың алдында мешіттің есігін алдымен ашу құрметіне кім ие болуы керек деген мәселе тұрады.

Сонда Тобықты жағы: «Құнанбай әрі аға сұлтан, әрі өзі салдырған мешіті. Жол сол кісінікі ғой», – дейді. Ал, Қаракесек

жағы: «Ата қонысында бой көтерген Құдай үйі болғаннан кейін, оның есігін алдымен ашып, жұртты намазға шақыру Алшынбайдың жолы», – дейді.

Екі ру адамдары осылай деп біріне-бірі жол бермей тартысып отырған шақта Үкібай би топ алдына шығып: «Құдай Тағаланың қасиетті мекенінің есігін ашатын адамның тұла бойында бар мүшесі түгел болу керек», – деп бірі сыңар көзді, бірі таз Құнанбай мен Алшынбайды елең қылмай аят оқып, мешіт есігін өзі ашады.

Сейтен батыр

Сейтен Азнабайұлы (1800—1840 жж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы, Тайжан батырдың туған ағасы. Ресейдің ресми деректерінде «Сейтен Азнабаев» деп жазылады. Кенесары Қасымұлы жүргізген ұлт-азаттық күрестің батыры.

1837 жылы Кенесары Қасымұлы бастаған ұлт-азаттық көтерілісіне Баянауыл округінің қазақтары да қосылғаны тарихтан белгілі. Сейтен 1838 жылы дүниесалған әкесі Азнабайдың денесін Түркістанға жеткізіп, жерлеген соң, қайтар жолында Ұлытауға соғып, Кенесары қолына қосылады. Бұл уақытта Баянауыл округіне қарасты 14 болыс елдің үшеуі (негізінен Акбура-Тұлпар, Сатылған-Алтынторы, Құлеке-Қаржас) Кенесары жағына шығады. Сейтен осылардың арасынан атан жіліктей жігіттерді таңдап алып, қол жасақтап, Кенесарының сенімді серіктерінің біріне айналады. Белгілі ғалым Ермұхан Бекмаханов (1915—1966 жж.): «Осы округтегі қазақтар көтерілісін белсенді ұйымдастырушылардың бірі – Кенесарыға өзінің Қаржас болысымен жұрттан бұрын келіп қосылған және кейіннен оның ең жақын серігі болған – Сейтен Азнабаев-тын.

Сейтен Азнабаев – дүниетанымы кең адам еді. Оның өзі жас кезінен патша өкіметінің отарлық езгісінің бар ауыртпалығын басынан өткеріп, патша отаршыларының сұлтандармен бірігіп, қазақтардың жақсы жерлері мен жайылымдарын және үй-жайларын тартып алғанын өз көзімен көрді», – деп жазады [57, 232].

Алайда, Сейтен Кенесарымен бірге күреске ұзақ қатыса алмады. 1839 жылы тамыз айында Сейтенді аталас досы Ожар Қуатов сатқындық жасап, есаул Лебедев пен Ақмола округінің аға сұлтаны Қоңырқұлжа Құдаймендиннің кіші баласы Шыңғыстың қолына түсіріп береді. Бұл турасында белгілі жазушы Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» атты романының бірінші бөлімінің бірінші тарауында егжей-тегжейлі баяндалады. Сейтеннің ұсталғаны туралы хабарды алысымен, Сібір корпусының штаб бастығы генерал-майор Фондерсон: «Сейтен Азнабаевты қатаң карауылмен кісендеп, дереу Омск қаласына жеткізіңдер», – деп бұйырады [58, 17–18].

Қолға түскен Сейтенді хорунжи Неклюдов бастаған 50 казак-орыс 1839 жылғы 22 тамызда Омскіге жеткізеді. Екі қолы артына мықтап байланған Сейтен батыр Баянаула жерінен өтіп бара жатқанда, мынандай өлеңмен елімен күңірене қоштасады:

«Қош аман бол, кең жайлау, өскен жерім,
Қайтқан қаздай қалың ел көшкен жерім.
Есіл қазақ есейіп, ел бола алмай,
Ит пен құсқа таланып, өшкен жерім».

Сейтен Омскідегі Ордананс-Гауз әскери сотына тартылады. Осы соттың жұмысын тездетіп, оған өте ауыр жаза беру мақсатында полковник Ладыженский Батыс-Сібір генерал-губернаторы генерал-лейтенант, князь П.Д. Горчаковқа былай деп ескертеді: «Сейтен өзінің ықпалымен қырға кесірін тигізеді және оны онда қалдыру тағы бір қарақшыға тап болу деген сөз. Ол өзінің өлтірілген інісіне қарағанда өте қу және

айыбы ауырлау» [58, 93—95]. Сотта Сейтенге Рыков деген хорунжиді өлтірді деп жалған айып тағылады. Бұл айыпқа Сейтен: «Біз соғысып жатқан халықпыз. Сендер бізді өлтіруге келдіңдер. Біз сендерді неге өлтірмеуге тиіспіз? Мүмкін өлтірген шығарман. Бірақ олардың қайсысының Рыков екенін мен қайдан білейін?!», – деп жауап береді. Әскери сот 1839 жылдың 8 желтоқсанында Сейтенді Сібір каторгасына жіберу жөнінде үкім шығарады. Сол кеткеннен ол елге оралмады.

Ақмола облысының оңтүстік-батысында Сейтен батырдың атына қойылған көл бар.

1841 жылдың жазында Сейтеннің әйелі Жеутен Батыс-Сібір бас губернаторы мен ерекше Сібір корпусының командиріне балаларын әскери казачество училищесіне оқуға алуларын сұрап хат жазады. Өтініш қабылданып, әр балаға жылына 120 рубль төлеп оқыту жөнінде жарлық шығады.

1841 жылдың жазында көтеріліске қатысып жүрген Баянауыл жігіттері елге қайтып келеді.

Тайжан батыр

Тайжан Азнабайұлы (1802—1839 жж.) – Күлеке... Мырзақұл ұрпағы. Ресейдің ресми деректерінде «Тайжан Азнабаев» деп жазылады. Баянауыл округіне қарасты Қаржас-Әлімбет болыстығының биі, 1837 жылы Баянауыл округіне қазылыққа сайланады. Тайжан Баянауыл округінің қазақтарын Кенесарыға қосылуға үгіттеп, көтеріліске белсене қатысады. Тайжан 1839 жылы Омск қаласындағы Ордонанс-Гауз әскери сотының үкімімен өлім жазасына кесіледі және оны ұстап берген кісіге 4000 рубль ақша беріледі деп хабарлама жасалады. Тайжанды Омскідегі патша өкіметінің өкілдеріне Ақмола округінің аға сұлтаны подполковник Қоңырқұлжа Құдаймендиннің баласы Бекәлі ұстап береді. Әскери соттың

үкімі Ақмола қаласында орындалып, Тайжан атылады [63, 312].

Тайжанның әйелі мен ер жетіп қалған үш ұлы Сібірдегі Туринск қаласына мәңгілікке жер аударылады [56, 256]. Бұл турасында Ілияс Есенберлиннің «Қаһар» атты романының бірінші бөлімінде де айтылады.

Мұса Шорманов



Мұса Шорманов (1818—1884 жж.) – Құлеке... Мырзақұл ұрпағы. XVIII ғасырдың аяғы – XIX ғасырдың бірінші жартысында өмір сүрген белгілі би Шорман Күшікұлының баласы, қазақтың ұлы ғалымы Шоқан Уәлихановтың анасы Зейнептің бірге туысқан бауыры. 1854—1868 жж. Баянауыл сыртқы округінің аға сұлтаны қызметін атқарды. 1855 жылы Батыс-Сібір қазақтарынан сайланған өкілдер тобы құрамында Ресейдің им-

ператоры Александр II-ге тәж кигізу жорасына қатысу үшін Санкт-Петербург қаласына барып, онда 23 наурыз бен 24 сәуір күндері патшаның қабылдауында болды. Осы уақиғаға орай орыстың жазушысы А.И. Герцен шығарған «Колокол» журналының 1860 жылғы маусым айындағы санының 72-бетінде: «II Александр таққа отыруына байланысты келген әртүрлі халықтар өкілі ішінде Батыс Сібірден келген ақылды,

эр нәрсені жеңіл аңғарғыш адам Мұса Шорманов атты казак та бар еді», – деп жазылған.

1869 жылы патшаның жарлығымен оған полковник шені берілді. Бүкілресейлік санатта XIX ғасырдағы қазақтың белгілі этнографтарының бірі болған Мұса Шормановтың қазақ халқының салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы, мал шаруашылығы, көшу-қону туралы жазған еңбектері Санкт-Петербург, Омск, Семей қалаларында шығып тұрған орыс тіліндегі мерзімді баспасөз беттерінде жарық көрді. Мысалы, солардың ішінде «Киргизские (читай: казахские. – С.Ж.) народные обычаи», «Поминки по усопшим», «О скотоводстве у киргиз Западной Сибири», «Заметка о киргизах Павлодарского уезда» деген еңбектер бар.

Мұса Шорманұлының өзі де тегінде өлең-жырдан қаражаяу болмаса керек. Шорман би өлгенде ол «Қисса Мұса мырза» атты көлемі 38 бет жоқтау шығарыпты. Бұл шығарма Қазан университетінің Н.И. Лобачевский атындағы ғылыми кітапханасының сирек қолжазбалар бөлімінде сақталыпты. Осы жоқтаудың академик Әлкей Марғұлан түсіріп әкелген фотокөшірмесі Қазақстан Республикасының кітапханасында бар.

Мұса мырза патша үкіметіне істеген қызметі үшін Ресейдің жоғары мәртебелі чиновниктерінің мақтау грамоталарымен, тікелей императордың алғыс хатымен, мойынға салып жүретін алтын Аннинскі лентасымен, 2-ші дәрежелі «Станислав» орденімен, тағы басқадай сыйлықтармен марапатталды және оған императордың бұйрығымен Ресейдің құрметті азаматы деген атақ та берілді.

Дегенмен, оны аға сұлтан болды, патшаға адал қызмет етті деп кінәлауға да болмайды. Өйткені, тек халқының камын ғана ойлап, жеке дара билеп кетуге өз заманы оған ерік бермеді. Әрине, олай істеуге тарихи да, саяси да, әлеуметтік те негіз жок еді. Бұра тартып, бұлтақтауды ол заман көтермейтіні

анық. Солай бола тұрса да, ол сол қиын заманда билік басында отырып-ақ озық ой, мол ақылымен еліне танылды. Ол қолындағы ресми билікті шебер пайдалана отырып, Баянауыл округіне қарасты болыстардың балаларын Омск пен Павлодар қалаларындағы орыс мектептеріне оқуға жіберіп отырды және сол қалаларда қазақ балалары үшін мектептер ашылуына ықпал жасады. Мұса Шормановтың өз халқына жасаған игі істерін Шоқан Уәлиханов, орыстың белгілі ғалымы Г.Н. Потанин, Біржан сал, Сегіз сері Баһрамұлы, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жоғары бағалап, аталы пікірлер айтқаны белгілі. Мысалы, Біржан сал Қожағұлұлы өзінің «Шормановтың Мұсасына» деген өлеңінде:

«Ассалаумағалейкум, атың Мұса,

Жүзінді бір көруге едім құса.

Қуандық-Сүйіндіктің қазығысың,

Кешегі өтіп кеткен әкеге ұкса», –

деп жырлаған еді.

Өз халқына сіңірген еңбектері үшін жұрт оның есімін көзі тірісінде-ақ ілтипатпен «Мұса мырза» деп атаса, Баянаулалық қазақтардың бүгінгі ұрпақтары да солай атайды. Озық ойлы Мұса мырза салып кеткен игі істердің тәрбиелік сілемімен Баянаула өңірінде қазақ жастарының өнер-білімге деген құштарлығының үзілмей өрбуі арқасында қазіргі күні Баянауланың, ақын Кәбдікәрім Ыдырысов айтқандай, «ұлдары көпке әйгілі» болып отыр.

Мұса мырза қайтыс болғанда әйгілі философ-ақын, тарихшы Мәшһүр-Жүсіп Көпеев 334 жолдық жоқтау жыр шығарады. Осы жырда ол оған: «Арғынның жалғыз көсемі, Мейрамның жүйрік шешені», – деп, әділ баға береді [60, 91]. Сонымен қатар, ғұлама Мәшһүр-Жүсіп Мұса мырза қайтыс болғанда, оның келіні атынан шығарған жоқтауында оның қандай адам екендігі жайында: «Енді мұндай Арғынға,

Көрмек түгіл көзіңмен, Түгел боп туған асыл зат Естуге де табылмас», – дейді [66, 140].

Мұса мырзаның бейіті Баянауыл ауданындағы Теңдік ауылының жанында. Бүгінде шартараптан келушілер оның бейітіне мінажат етпей өтпейді, мырзаның қасиетті рухына бас иіп, аруағына табынады.

Мұса мырза туралы ел аузында айтылып, әлі күнге дейін әділ бағасын алмай жүрген құнды деректер өте көп. Оны зерделеп, ой елегінен өткізу алдағы күндердің үлесінде.

2007 жылы Томскінің мемлекеттік университетінде С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің аспиранты Ернұр Кендібайұлы Рахимов «Муса Шорманов – общественный, государственный деятель и исследователь традиционной культуры казахов» деген тақырыпта тарих ғылымдарының ғалымы дәрежесін алу диссертациясын қорғады.

Мұстафа Шорманов

Мұстафа Шорманов (1820—? жж.) – Күлеке... Мырзақұл ұрпағы. Ауылда арабша оқып, сауатын ашқан. Қаржастың Байболат ұрпақтары ауылдарының биі болып, ХІХ ғасырдың 50-ші жылдары Баянауыл округіне қарасты Күлеке-Қаржас болыстығының болысы болған [52, 17, 30]. Орысша әжептәуір сөйлей білген. Жалпы сол кезде Омбыдағы Батыс-Сібірдің генерал-губернаторы тек орыс тілін білетін адамдарды ғана болыс сайлауына қатысуға рұқсат берген. Мұстафа Орта жүздің Арғын қауымдастығына кіретін тайпалар мен рулардың шежіресін білген сияқты. Өйткені ол Қаржас бабамыздың шежіресін жазған көрінеді. Бұл шежіренің қолжазбасы ҚР Ұлттық ғылым академиясының сирек қолжазбалар қорында сақтаулы.

Мұстафа атамыз қазақ балаларының сауатын ашуға да көңіл бөлген. Бір жылы ол Баянауыл станицасында тұратын Жүніс хазіретті (1846—1932 жж.) өз ауылына көшіріп алып, балаларды оқытады. Бұл турасында Мәшһүр-Жүсіп Көпеев өз өлеңінде:

«Қыс өтті, жер жібіді, сәуір түсті,
Қаладан хазірет үйі елге көшті.
Мұстафа болыс, Мұса – дуанбасы,
Шорманның ордасына барып түсті.
Мұстафа Шорманұлы, өзі болыс,
Ұстаған молдасы бар – молда Жүніс.
Күтуге хазірет үйін міндеттеніп,

Бір жазша іргесінен берген қоныс», – деп жазған [89, 120—121].

Жүніс хазірет Бұқабайұлы (руы Айдабол) Бұхара қаласындағы Мірғарап медресесінде білім алған. Қасида ілімін (жынпері оқуы) меңгерген. Мәшһүр-Жүсіптің ұстазы [87, 2].

Жұрттың айтуынша, Мұстафа Шорманұлы жасаң кезінде жауырыны жерге тимеген палуан болыпты.

Көпшілік жұртқа Мұстафаның аты халық композиторы Жаяу Мұса Байжановтың «Аксиса» әніндегі «Шорманның Мұстафасы атымды алып, атандым сол себептен Жаяу Мұса» деген өлең жолдарынан таныс. Дей тұрсақ та, осы жерде мына бір жайттың басын ашып айта кетелік. Павлодар облысына белгілі шежіреші, Бөгенбай батырдың тікелей ұрпағы Қазыбек Нұралиннің айтуына қарағанда, Мұса Байжанұлының атын тартып алып, оны жаяу қалдырған Шорманның Мұстафасы емес, өзінің арғы атасы Орманның немересі Мұстафа Байдалыұлы екен [61, 201—203]. Жаяу Мұсаның әкесі Байжан Тобетұлы да Орманның немересі болып келеді. Тағы бір айтып кететін жайт: Байжанның туған ағасының да есімі Мұстафа.

Демек, Кеңестік заманның алғашқы жылдары кейбір «саясаткерлер» жаңа тоталитарлық биліктің идеологиясына

орай Жаяу Мұсаны кедейге балап, ал Мұстафа Шормановты феодал тұқымы санап, біздің ойымызша, әндегі «Орманның Мұстафасын» — «Шорманның Мұстафасы» деп өзгертіп жіберген сынайлы. Қазыбек Нұралиннің айтуы бойынша, Байжанның 14 жасар баласы Мұсаның бір жасаған тентектігіне қатты ыза болған Байжанның атасы Орманның Мұстафасы (Байжанның ағасы Мұстафа емес) жұрттың алдында оның астындағы атын тартып алады. Содан кейін Мұса туысканы Мұстафаға қыр көрсетіп, ауыл арасында ылғи жаяу жүретін болған. Мұсаның бұл қылығы атсыз жүрмейтін ауылдағы қазақтарға ұнамайды. Сондықтан олар Мұсаны «Жаяу Мұса» деп атаған екен. Меніңше, Жаяу Мұса өз өлеңдерінде «Жаяу жүріп, аттыдай шіренемін», «Атандым сол себепті «Жаяу Мұса», «Сорлы әкең жаяу жүріп, зәкүн қуған», «Жүрмейді кімдер жаяу, зорлық қылса. Аттыдан жаяу жүріп, кек аламын» деп айтқандарына карағанда, «Жаяу Мұса» деген лақап ат оған ұнаған да сияқты. Себебі, осы мәселенің шындығын айтар болсақ, ол Павлодар мен Омск қалаларындағы ұлықтарға шағым хаттарды жаяу апармағаны анық.

Қарттардың ауызекі әңгімелері арқылы бізге жеткен деректеріне сүйенсек, Мұстафа Шорманұлы көзі ашық, көкірегі ояу, жүрегінде ары бар, ниет-пиғылы дұрыс азамат болған. Сонымен бірге, ол әрі би, әрі болыс болған адам кәмалатқа толмаған баланы ауыл ішінде көпшіліктің алдында жәбірлеп, астындағы атын тартып алатындай телі-тентектік іс жасауы неғайбіл. Әкесі Шорман сияқты бидің тәрбиесінде болған, алдында өнегелі Мұсадай ағасы бар жігіт, менің пайымдауымша, дәл «Аксиса» әнінде айтылғандай ешкімге әлім жеттік істемеуі керек-ті.

Жоғарыда айтылған пікірдің анық-танығын тарихшы ғалымдар да зерттер деген ойдамыз.

Сәтбай Шөтікұлы

Сәтбай Шөтікұлы (1823—1902 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы, академик Қаныш Сәтбаевтың атасы.

Сәтбай арабша, орысша сауаты бар, ақылды, істің мән-жайын білетін, көзі ашық, байсалды, жұртқа сыйлы, өзі тұстас жақсы-жайсандармен қадірлес жан болған. Онымен сыйлас болған адамдардың ішінен Сегіз сері Баһрамұлы мен кезінде беделді адамдардың бірі саналған Қуандық-Алтай ұрпағы, белгілі би Тәтиді атап айтуға болады. Тәти би дүниеден өткенде, Мәшһүр-Жүсіп Көпеев «Тәтиді жоқтау» деген өлең жазған [65, 30—34]. Сонда ол Тәти биге былайша баға береді:

«Айдыны таудан зор еді,
Дәулеті көлден мол еді.
Өзім бір деген Алашқа,
Аласы бір жок төре еді».

Сәтбай бабамыз Меккеге барған сапарында ауырып қайтыс болған, сүйегі сонда жерленген. Меккеге Сәтбаймен бірге құдасы Жылқыайдарұлы Алтыбасар (Айдабол руынан) барған-ды. Осы Алтыбасардың Әмір деген баласына Сәтбайұлы Жәміннің қызы Гүлмәни тұрмысқа шыққан еді. Бұлардан 1903 жылы Мақпуза есімді қыз дүниеге келеді. Мақпуза – белгілі жазушы Қалмұқан Исабаевтың анасы.

Сәтбайдың балалары: Имантай, Жәмін, Зейін, Әмін, Шәмшиқамар.

1917 жылға дейін бүкіл Қазақстан көлемінде Сәтбай ұрпақтарындай көп оқығандары бар қазақ ауылы болған жоқ деуге болады. Оның ұрпақтары өмірдің әр тарапында (оқу-ағарту, ғылым, мәдениет саласында) еңбек етті. Тек бір ғана ғылым саласында Имантай мен Зейіннен тараған ұрпақтардан бір академик, бір академияның корреспондент мүшесі, 6 ғылым докторы, 8 ғылым кандидаты шықты. Бұлардан басқа

Жәмін мен Әміннің балаларынан өрбіген ұрпақтардың ішінде де ғалымдар бар.

Әбжалап әулие

Тышқанбайұлы Жұматай (1836—1918 жж.) – Құлеке... Жәдігер ұрпағы. Жұматай үйленіп, тұрмыс құрмаған. Мал-дүние жинамаған. Қысы-жазы көйлек-дамбалмен жалаң аяқ, жалаң бас жүре берген. «Мен Алланың құлымын, Мәшһүрдің көршісімін» деп, күнделікті несібесіне риза болып, бір орында отырмай, диуаналық ғұмыр кешкен. Ол үнемі насыбайды алақанына толтырып алып, ауызына салатын болған. Сонда езуінен аққан сілекейлі насыбайды түкіріп тастамай, алақанымен ауызына тыққыштап, жалап-жұтып қояды екен. Содан жұрт оны «Әбжалап» деп атап кеткен.

Әбжалап өмір бойы Мұса Шормановтың баласы Садуақастың үйінде тұрған. Садуақас оны өте құрметтеп ұстапты. Әбжалапқа керекті насыбайды үккізіп, бөтелкеге салып, дайындап отырады екен.

Садуақасты бір жер қонаққа шақырса, Әбжалап та одан қалмай бірге барады екен. Садуақас көлікпен, ал Әбжалап жаяу. Көліктің соңынан жүгіріп отыратын көрінеді. Осы қылықты ұнатпаған адамдар Садуақасқа: – Сіз қызықсыз, Әбжалапты неге күні-түні қасыңыздан қалдырмайсыз, тіпті ерсі-ақ, – дейді екен. Сонда Садуақас: – Сендердің бұл екеуімізде жұмастарың қанша? Бұл Әбжалап менің жалғандағы ырысым, ақиретте тыныстым, – дейді екен. Әрине, бұл сөздің мәнісін ешкім түсінбеген.

Шорман ауылынан Рақымберліұлы Мұхамеджан қожа қажылық сапарға аттанады. Жолда түйемен жүріп бара жатқанда дәретке түсіп, енді түйеге мінейін десе, басы айналып, міне алмай қалады. Қасында бірге келе жатқандар ұзап кетіпті. Оларды қатты айқалап шақыруға халы келмей, сасқалақтап

тұрғанда түйенің үстіне бір адам мінгізіп жібергендей болып, сыркатынан айығып жүріп кетеді. Мұхамеджан мұны сапарының шарапаты деп есептейді. Қажылық сапарын тәмамдап, Мұхамеджан аман-есен үйіне келеді. Сәдуақас бір күні Мұхамеджан қажыны қонаққа шақырады. Сол уақытта тамақ ішіп жатқанда, Әбжалап та үйге кіріп, босағада сүйеніп тұрады. Оған қажы мән беріп қарамай, тамағын ішіп отыра береді. Мұны ұнатпаған Әбжалап:

– Ей, Мұхамеджан, жақсылықты ұмыттың-ау. Түйеге міне алмай далада жалғыз қалғанда, түйеңе мінгізіп жіберіп едім. Мен үйге кіріп келгенде, маған бір қарамадың ғой, – дегенде, Мұхамеджан қажы орнынан атып тұрып, Әбжалаптан кешірім сұрайды:

– Қайдан білейін кім екенін, өзін айтқан адам сен-бес жағдайдың болғаны рас еді. Сонда Сіз екенсіз ғой, кеш, қателестім, – дегенде, «Е, қажы қожам, сол мен едім» дейді Әбжалап.

Міне, осыдан бастап Әбжалаптың әулиелігі сезілген екен. Содан кейін көпшілік жұрт: «Апыр-ай, мұның әулиелігін Сәдуақас қалай білді екен? Осы ағай да тегін адам емес-ау» деп, таңданатын болған.

Әбжалаптың әулиелік қасиеті жөнінде тағы мынадай бір әңгіме бар. Толғағы келіп, босана алмай қиналып жатқан келіншегін аяп кеткен бір адам:

– Осындайда керек Әбжалап әулие қайда жүр екен? – деп, ауызын жапқанша болмады, Әбжалап кіріп келеді.

– Неге іздегенінді білемін. Қорықпа, Бөден, Дөден деген екі бала туады, – дейді Әбжалап. Сол-ақ екен келесі бөлмеден сәбилердің шырылдаған үні естіліп, екі бала дүниеге келеді.

Міне, жоғарыда айтылғандай, Әбжалаптың әулиелігіне байланысты әңгімелер ел аузында күні бүгінге дейін сақталған.

Әбжалап айтқаны айнымай келетін дуалы ауыз әулие болған және жын-періні өз еркіне бағындыра білген, жоғалған нәрсені дәп басып тауып бере алған.

Осы Әбжалапты Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы да өте құрметтеген. Ол «әулиенің әулиесі – Әбжалап» дейді екен.

Рас, оқырмандар арасында Әбжалаптың әулиелігіне қатысты жоғарыда айтылған әңгімеге иланбайтындар да болуы мүмкін. Әрине, әулие адамдардың жасайтын іс-әрекеттері өте күрделі тақырып. Дегенмен, осы жерде оқырмандарға қысқаша болса да, мынадай мағлұмат бере кеткен де артық болмас.

Сирек адамдардың бойында экстрасенсорлық қабылдау, өз ойы мен сезімдерін басқа адамға сезім мүшелері мен физикалық ортаның қатысынсыз жеткізу, алдағыны болжай білгіштік, түс көру сияқты табиғаты әлі айқындалмаған дұрыс бағыттағы ең күшті сезім қабілеттер болатындығын қазіргі ғалымдар дәлелдеп отырғаны белгілі. Ғалымдардың айтуынша, әрбір материалды тірі организмнің бойында оның сыртқы табиғи физикалық денесінен аумайтын, яғни оған ұқсас, материалды емес, құпия пішіні болады екен. Сонымен бірге, әрбір тірі организм өз денесінен үнемі жан-жаққа ультракүлгін түсті сәуле де шығарады. Мұндай әлі сыры белгісіз құбылыстарды ғылыми тілде астральды экстериоризация дейді. Жоғарыда мысалға алған екі деректегі Мұхамеджан қожа мен босана алмай жатқан әйелдің күйеуінің қиналған кездерінде олардың денелерінен шыққан ультракүлгін түсті сәулені Әбжалап әулиенің сезім мүшелері қабылдап, олардың жағдайын жанында тұрғандай көріп, қожаға көмекке өзінің құпия ұқсас пішінін жіберсе, ал келіншектің үйіне өзі жетіп барады.

Әбжалап 1918 жылы 14 ақпанда бұрынғы Құрмандоңғалақ деген жерде Мәшһүр Жүсіптің қайын атасы Шегебай қажының ауылында дүние салған. Оны жерлеуге Мәшекеңнің өзі қатысады. Әбжалаптың сүйегін кигізге орап, бейіт басына